

Бас директордың Жаңа жыл алдындағы мәлімдемесі

Құрметті әріптестер!

Міне 2012 жыл да аяқталып келеді және демалыс күндері басталмас бұрын өткен жылды қорытындылап, қысқа мәлімдеме жасайтын уақыт келді.

Өткен жыл жоба басқармасы мен оның болашақ даму жолы турасынан маңызды өзгерістерге толы болды. Жыл бойы КПО-ның жоғары басқармасы орасан өзгерістерге ұшырады. Жоба тарихында болған негізгі оқиғалар олар «Қазмұнайгаз» ҰК Қарашығанақ кәсіпорнының серіктесі ретінде қалыптасуы және Өнімді бөлісу туралы түпкілікті келісімге 15 жылдың толуы.

Биыл Қарашығанақ кен орнында 135,2 миллион мұнай эквивалентінде баррель өнім өндірілді және өндірістік шығындар бір баррельге шаққанда 3.79 АҚШ долларын құрады, яғни бұрынғы жылдармен салыстырғанда бұл өндірістің рекордтық көрсеткіші. Сонымен қатар ҚӨК-дегі үшінші конденсатты сақтау резервуары пайдалануға берілді. Ағымдағы жылдың қазан айында КПО танкери 2001 жылы Новороссийск портындағы жүктеу операциялары басталғалы бері КҚК маркалы шикі мұнай қоспасының 300-ші миллион тоннасын жүктеді. Жалпы жоспарлы жөндеу жұмыстар стратегиясының шаралар жоспары шығындарды азайтып, табысты көбейту мақсатында толықтай қайта қарастырылды. Сондай-ақ биыл төрт жаңа ұңғыма бұрғыланып, он екісі ортақ жүйеге қосылған болатын. Ал қазіргі кезде екінші бұрғылау станогы тасымалданып жатыр. Жабдық тұтастылығын жетілдіру бойынша негізгі жұмыстар жалғасуда. Ал шілде айында КПО «Экоорталығында» жаңа жалпы қоқыстарды өртеуге арналған пеш іске қосылды.

Өндірістігі үздік көрсеткіштерге тек жұмысты қауіпсіз орындау арқылы қол жеткізуге болады. Сондықтан ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласында биыл бірнеше бастамалар мен бағдарламалар, оның ішінде ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ мәселелеріне қатысты мердігерлермен өткізілген екі форум және ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ мәселелерін зерттеу мен онлайн тренинг қорстары жүзеге асырылды. ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ көрсеткіштер картасының толтырылуы арқасында көптеген қауіпті іс-әрекеттер анықталды. Бірақ біз бұл нәтижелерді қанағат тұтып, тоқтап қалмай, жұмысты әрі қарай қауіпсіз орындауды жалғастыру

керекті. Мұнай мен газ операциялары ерқашан жоғары деңгейлі тәуекелдермен бірге жүреді, сондықтан барлықтарыңызды тиісті қауіпсіздік процедураларының талаптарын қатаң түрде орындауға шақырамын. Себебі сіздің жұмысты қауіпсіз орындауға қосқан жеке үлесіңіз өте маңызды!

2011-2013 жылдарға арналған қоршаған ортаны қорғау бойынша шаралар жоспарына енгізілген негізгі жобалар биыл да жалғасын тапты. Мамыр айында КПО қоршаған ортаны қорғауды басқару шаралары бойынша әлемдік рекордын растайтын "Климаттың өзгеруі - Парникті газ шығарындыларын азайту бағдарламасы" категориясында BG компаниясы төрағасының ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы марапатына қол жеткізіп, жеңімпаз атанды. Сонымен қатар Бектасов Кубайдулла қауіпсіздік техникасы саласында үздік үлес қосқаны үшін BG Group компаниясының "Алтын каска" марапатына ие болды.

Астана қаласындағы жобаны дамыту тобының қатарлары кеңейіп келеді. Қарашығанақ кен орнының болашақ дамуын бағалау кезеңі шілде айында аяқталған болатын. Қазіргі кезде болашақ даму жолы ұстанымдарын таңдау кезеңі жүргізіліп жатыр және бірнеше дамыту бойынша құжаттар жиынтығын мұқият тексеру жұмыстары желтоқсан айында жүргізілді.

ҚӨК газ өндірісін оңтайландыру жобасы өз ұстанымдарын таңдау кезеңінде де бірқатар жетістіктерге қол жеткізді, және келісілген кен орнын игеру жоспарына сәйкес өндіріс деңгейін көтеру жобаларына қатысты техникалық және экономикалық негіздеме мен ұстанымдарды таңдау үдерісі жалғасып келеді.

Компанияда осы жылы жүргізілген қызметкерлер пікірлерін сұрастыру сауалнамасы бірқатар маңызды мәселелер, оның ішінде мотивацияға қатысты аспектілер туралы ойларын анықтауға көмектесті. Сауалнаманың көмегімен КПО көшбасшылар тобы өз қызметтерін оң нәтижелерге негіздеуге және алға басып келе жатқан басқа маңызды салаларға да күш-жігерін салуға мүмкіндік алды. Сондай-ақ тамыз айында екі кәсіподақпен қол қойылған жаңа ұжымдық шартында қызметкер еңбекақысына үстеме жөнелдіктер беру де ескерілген.

2012 жылы КПО-да 19 жоғары лауазымға шетелдік

мамандардың орнына жергілікті қызметкерлер тағайындалды. Жыл қорытындысы бойынша КПО-ның қазақстандық қызметкерлері барлық басқарушы қызметтердің 69%, ал кәсіби және орта басқарушы қызметтер мен лауазымдардың 94% құрайды.

2012 жылдың тоғыз айында КПО-ның тауарлармен, жұмыспен және қызметтермен қамтамасыз ету келісімшарттарындағы қазақстандық қатысым мөлшерінің көрсеткіші 56% жетіп, 222 миллион АҚШ долларын құрады.

2012 жылы КПО бірқатар инфрақұрылымды жақсарту әлеуметтік жобаларын жүзеге асырды: Батыс Қазақстан облысы бойынша жаңа төрт мектеп салынды; Успен селосында мектеп пен техникалық сумен қамтамасыз ету жүйесі қайта құрылды; Жарсуат ауылының мектеп шеберханасы қайта құрылды; Ақсай қаласындағы Советская көшесі жөнделіп, орталық жылу қазандығы толықтай қайта құрылды. Жақында КПО компаниясы Орал қаласындағы Салтанат сарайының, Бөкей орда ауданы Бисен селосындағы амбулаториялық емхананың және Теректі ауданы Сарыөмір ауылындағы мәдениет орталығының құрылысын аяқтады.

Біздің жобаларымыз және Бөрлі ауданы бойынша төрт селолық округте бекітілген консультативтік кеңес арқылы жергілікті тұрғындармен құрылған кеңестеріміз сәтті жалғасып келеді. КПО өзінің екі ұзақ мерзімді жобаларын жүзеге асырып келеді. Олар жергілікті егде жастағы тұрғындардың денсаулықтарын жақсарту мен жергілікті оқушы балаларды жазғы демалыс лагерлеріне жіберу бағдарламасы.

КПО - кешенді кәсіпорын, сондықтан біз күн сайын жаңа мәселелермен және міндеттермен кездесіп тұрамыз. Жыл бойы КПО көрсеткіштерін жақсартуға және компания табысын көбейтуге қосқан жеке үлестеріңіз бен қызметтеріңіз үшін өз атымын алғыс білдіремін.

Сіздерге және отбасыларыңызға демалыс күндерін қуанышпен және шаптықпен өткізуге тілектеспін. Келе жатқан Рождество және Жаңа 2013 жыл мейрамдарымен құттықтаймын!

Дамиано Ратти, Бас директор.

Төтенше жағдайлар мен өндірістік қауіпсіздікті мемлекеттік бақылау комитетінің төрағасы Қарашығанаққа келді

20 желтоқсан күні «Қарашығанақ Петролиум Оперейтинг Б.В.» (КПО) ҚР Төтенше жағдайлар өндірістік қауіпсіздікті мемлекеттік төрағасы Нұрбек Құнанбаев келді. Сапар барысында Батыс Қазақстан облыстық Төтенше жағдайлар департаментінің бастығы Қадыр Бисембаев еріп жүрді.

Сапар барысында Қарашығанақ кен орнында жоғары қызметтегі делегация КПО-ның басшылығымен кездесті. Қонақтар назарына Қарашығанақ жобасының салыстырмалы дамуы жөнінде ақпарат, сонымен қатар облыс аумағындағы өндірістік қауіпсіздік, төтенше жағдай және азаматтық қорғаныс іс-шаралары ұсынылды.

Екіжақ КПО компаниясы мен Төтенше жағдайлар Министрлігі арасындағы бұдан былайғы бірлесіп ақтаратын жұмыс жоспарларын талқылады.

Сапар соңында қонақтар КПО-ның ҚМГКК игерудегі жетістіктерге ризашылықтарын білдіріп, компанияның барлық қызметкерлеріне табысты еңбек тіледі.



Крещение мерекесі Ақсайда

19 қаңтар күні Бөрлі ауданы және Ақсай қаласының тұрғындары дәстүрлі Крещение мерекесін өткізуге Утва өзеніне келді. Провославтық христиан, иудейлік немесе мұсылман баласы болмасын олар ұстанатын діні мен сеніміне қарамастан суға түсуге ниет етіп келген әр адам Утва өзеніне шомылды.



Мұздай суға түсу - адам баласының мінезі мен рухани жан дүниесінің мықтылығына байланысты, адамдардың діні мен ұлтына байланысты емес. Мұздай суға шомылған адам өзін шынықтырып қана қоймай, оның ішкі жан-дүниесі де тазартылады деп саналады. Яғни бұл қол барлық су көздері ерекше қасиетке ие болады екен. Христиандардың бойында қасиетті суға шомылу адамдардың жаны мен тәнін тазартып, күнәдан арылтатын деген сенім қалыптасқан. Сондықтан болар, еңкейген көріден, еңбектеген балаға дейін өзен жағасында жүр.

Дегенмен де кез келген адамның тастай суға түсуге жүрегі дауаламасы анық. Алғаш рет шомылайын деп тұрған адам шындалу тәсіліне денені біртіндеп үйрету қажет. Бұл барлығына бірдей қауіпсіз емес. Әйтпесе, дәрігерлердің айтуынша, алдын ала дайындалып алмас жүрек талмасына ұшырауы өбден мүмкін.

Ақсай қаласында Әулие Серафим Саровский шіркеуінің дін қызметкерлері Крещение мерекесінде әдетте орын жабдықтап, суды тазалаудан бастап, киелі қасиетін қуаттандырды. Тазалау шарасы аяқталғаннан соң ғана адамдар ойыққа түсуге мүмкіндік алды. Бір айта кетерлігі, суға түсушілер үш рет басына дейін

суға малынып, бар сырқаттан құлан таза жазылатынына шын сеніммен ниет ету керек. Осыған орай биыл суға түсушілер үшін бар жағдай жасалды. Өзенде қауіпсіздік шаралары мақсатында суда құтқару қызметі, жедел жәрдем, төтенше жағдайлар бөлімі кезекшілігі ұйымдастырылды. Ойық жағиен суға түсушілердің оңай мініп-түсуі үшін басқашы орнатылды. Бұл үшін құтқару қызметін сақтандырып, әрбір суға түсушіні қолдарына арқан байланды.

Ақсайдағы ауа-райының аяз болуына қарамастан шомылушылар қатарында КПО Б.В. компаниясының қауіпсіздік бөлімінің менгерушісі Марк Дуда болды. Мұзды ыдысқа (купель) шомылуға батылы жеткен бірінші американдық Марк болған шығар.

Шара аяқталғаннан кейін «Новости Карачаганак» газетінің тілшісі Марктен суға түскеннен кейінгі әсері туралы сұраған еді. Біздің газет тілшісіне сұхбат берген Марк былай деді: «Мен бұл дәстүрге қатысқанымды ешқашан ұмытпаймын. Жалпы өзім Америкада үйімде жүргенде таудың мұздай суына шомылған едім, бірақ бүгінгідей рухани мейрамға қатысқан емеспін. Судың тереңдігі белуарға дейін болды, бірақ дәстүрге сай Жаратқанның игі ниетін қабылдау үшін үш рет басымға дейін шомылдым. Былай жақсы, керемет!».

